

"Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы Орталық атқарушы органының лауазымды тұлғаларымен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың Нұсқауын бекіту туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрінің 2000 жылғы 18 қыркүйектегі N 371-п бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 17 қазан N 1267 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2003 жылғы 24 маусымдағы N 144-п бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 76 және 77 бабына сәйкес, Бұйырамын:

1. Қосыла беріліп отырған "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы Орталық атқарушы органының лауазымды тұлғаларымен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың Нұсқауы бекітілсін."

2. Қоршаған ортаны қорғау Бас мемлекеттік инспекциясы Департаменті осы Бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау Министрінің 2000 жылдың 14 шілдесіндегі N 289-П "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы Орталық атқарушы органының лауазымды тұлғаларымен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру Ережелерін бекіту туралы" Бұйрығының күші жойылсын.

4. Осы Бұйрықтың орындалуына бақылау Қоршаған ортаны қорғау Бас мемлекеттік инспекциясы Департаментіне (Елеушов Б.С.) жүктелсін.

Министр

Жіберілсін іске, Комитеттерге, Департаменттерге

Табиғи	Қ а з а қ с т а н	және	Р е с п у б л и қ а с ы
ортаны	ресурстар		қоршаған
2000	қорғау	18	министрінің
N 371-П	жылдың		шілдесіндегі
Бұйрығына	қосылым		

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы Орталық атқарушы органының лауазымды тұлғаларымен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың Нұсқауы

1. Жалпы ережелер

1. Бұл Нұсқау Қазақстан Республикасы Конституциясы , Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқа да нормативті-құқықты актілер негізінде әзірленген .

2. Нұсқау Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы Орталық атқарушы органының (бұдан әрі Орталық атқарушы орган) және оның аумақтық органдарының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың тәртібін анықтайды.

3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау қоршаған ортаны сақтау және сапасын арттыру мақсатында жүзеге асырылады.

4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылаудың негізгі міндеті барлық заңды және жеке тұлғалармен (оның ішінде лауазымды тұлғалармен, азаматтармен, азаматтығы жоқ тұлғалармен және шет елдік тұлғалармен) табиғат қорғау заңдарының, экологиялық нормалардың, ережелердің және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқа да нормативті құжаттардың талаптарын қадағалауын қамтамасыз ету болып табылады.

5. Қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру барысында Орталық атқарушы орган және оның аумақтық органдары өзіне жүктелген қоршаған ортаны сауықтыру және сапасын арттыру жөніндегі жауапкершілікке сәйкес өз құзырет шеңберінде жергілікті атқарушы органдармен, СЭС органдарымен, құқық қорғау органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен өзара қарым-қатынасты қамтамасыз етеді.

6. Орталық атқарушы органның және оның аумақтық органдарының лауазымды тұлғаларына қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі өкілеттік берілген, олар лауазымы бойынша қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар (бұдан әрі мемлекеттік инспектор) болып табылады.

7. Мемлекеттік инспектордың міндеттері, функциялары, құқықтары және жауапкершілігі олар туралы Ережемен анықталған.

2. Табиғат қорғау заңдарын бұзуды жою жөніндегі шараларды қабылдау, кінәлілерді жауапкершілікке тарту және құжаттарды ресімдеу

8. Қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру барысында мемлекеттік инспекторлар табиғат қорғау заңдарын бұзуды ескерту, анықтау және жою, кінәлілерді жауапкершілікке тарту жөніндегі шараларды қ а б ы л д а й д ы .

9. Шаруашылық субъектілерін тексеру барысында мемлекеттік инспектор Табиғат қорғау заңдарын қадағалауды тексерудің актісін (N 1 қосылым) жасайды .

10. Тексеру барысында табиғат қорғау заңдарын бұзушылық анықталған жағдайда мемлекеттік инспектор Табиғат қорғау заңының бұзылғаны туралы хаттама (N 2 қосылым) жасайды. Хаттама 3 данада жасалады, ал егерде заң бұзушылық қоршаған ортаға айтарлықтай залалын тигізген жағдайда, немесе қылмыстық әрекеттің нышаны болған жағдайда бір данасын тергеу органдарына жіберу үшін 4 данада жасалады. Құқық бұзу түріне байланысты хаттаманың келесі арнайы формалары ресімделеді:

- Заң бұзушылардың алынған аулау құралдарын, басқа мүліктерін, жүзетін және басқа да көлік құралдарын тізбелеу-бағалау (Табиғат қорғау заңының бұзылғаны туралы хаттаманың N 1 қосылымы.);

- Орман заңын бұзудың және келтірілген залалдың мөлшерлерін анықтау (Табиғат қорғау заңының бұзылғаны туралы хаттаманың N 1 қосылымы.).

11. Табиғат қорғау заңының бұзылғаны туралы хаттама негізінде тиісті мемлекеттік инспектор (берілген құқықтар шеңберінде) жасалған табиғат қорғау заңын бұзушылықтың ауыртпалығына байланысты заң бұзушыға төмендегідей бір немесе бірнеше ықпал шарасын қолдану туралы шешім қабылдайды:

1) Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 77 бабының 2 тармағына сәйкес Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заң бұзушылықты жою жөніндегі міндетті нұсқама N 3 қосылым) шығарады;

2) Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 77 бабының 2 тармағына және Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзулар туралы" Кодексының 275 және 276 баптарға сәйкес Әкімшілік жаза тартқызу туралы қаулы (N 4 қосылым) шығарады;

3) Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 86 бабына сәйкес кінәлі тұлғаларға қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарды бұзуды нәтижесінде келтірілген залалдарды ерікті түрде орынын толтыру туралы, немесе ол туралы сотқа талап қояды;

4) Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 77 бабының 2 тармағына сәйкес Кәсіпорындардың, ғимараттардың және объектілердің жұмысын тоқтата тұруға, шектеуге, оларды пайдалануға беруге тыйым салуға және экологиялық талаптарды бұзумен жүзеге асырылған шаруашылық және басқа да әрекеттерді шектеуге, тоқтата тұруға нұсқама (N 5

қосылым) береді. Қажет болған жағдайда белгіленген тәртіпте жекелеген объектілерді, қондырғыларды және тораптарды табиғат қорғау заңының бұзылуын жойғанша пломбылауға құқығы бар, ол үшін Пломбылау актісі (N 6 қосылым) жасалады;

5) Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 77 бабының 2 тармағына сәйкес Экологиялық талаптарды бұзумен немесе экологиялық сараптаманың оң тұжырымдамасыз жүзеге асырылған құрылыстарды және объектілерді пайдалануды, шаруашылық және басқа да әрекеттерді қаржыландыруды тоқтату туралы нұсқама (N 7 қосылым) береді;

6) Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 77 бабының 2 тармағына сәйкес табиғат қорғау заңдарын бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы мәселелерді шешу үшін тергеу органдарына материалдарды жібереді.

12. Табиғат қорғау заңының бұзылғаны туралы хаттама "Әкімшілік құқық бұзулар туралы" Қазақстан Республикасы Кодексының 248 және 248-1 баптарына сәйкес жасалады.

Хаттаманың "Заң бұзушы(лар) тұлға туралы деректер" атты 3 жолына істің дұрыс қаралуына маңызды болып табылатын лауазым тұлғалардың, азаматтардың, азаматтығы жоқ тұлғалардың және шетелдік тұлғалардың келесі деректері жазылады: туған жері мен жылы (кәмелетке толмағандардың туған жылы, айы күні), тұратын және жұмыс істейтін орыны, қызметі, жалақы (зейнетақы, стипендия) мөлшері, жанұялық жағдайы, бағуындағы жандардың саны.

Табиғат қорғау заңының бұзылуы қайда, қашан және қандай әрекетте немесе әрекет жасамауда болғаны анық баяндалуы тиіс. 7 және 8 жолдар жануар және өсімдік әлемін қорғау, қалпына келтіру және пайдалану заңдары бұзылған жағдайда толтырылады.

Құқық бұзушы(лар) Хаттама мазмұны туралы ескертпе беруге және оған қол қоюдан бас тарту себебін (Хаттамаға қосыла тігіледі) жазба түрде беруге құқықты.

13. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заң бұзушылықты жою жөніндегі міндетті нұсқама заң бұзушылармен белгіленген мерзімде міндетті түрде орындалуға жатады. Кәсіпорын басшысы қоршаған ортаны қорғау органдарына нұсқаманың орындалу мерзімі біткеннен кейін 7 күннен кеш емес уақыт ішінде нұсқаманың орындалуы туралы ақпарат береді. Нұсқама орындалмаған жағдайда "Әкімшілік құқық бұзулар туралы" Қазақстан Республикасы Кодексының 54-1 бабына сәйкес шаралар қолданылады. Нұсқама 3 данада жасалып, бір данасы заң бұзушыға тапсырылады.

14. Әкімшілік жаза тарту туралы қаулы "Әкімшілік құқық бұзулар туралы"

Қазақстан Республикасы Кодексының 275 және 276 баптарына сәйкес жасалады.

Қаулы әрбір құқық бұзушыға (заңды, лауазымды тұлғаға, азаматқа) жеке түрде қабылданады. Ол 3 данада жасалып, біреуі 3 күн ішінде кінәліге қол қоюмен тапсырылады немесе поштамен жіберіледі.

Айып қаулы тапсырылғаннан кейін 15 күн ішінде төленуі тиіс. Мұндай қаулыға шағым арыз берген немесе наразылық білдірген жағдайда шағым арызды немесе наразылықты қанағаттандырмағаны туралы хабардар еткен күннен бастап 15 күн ішінде төленуі тиіс ("Әкімшілік құқық бұзулар туралы" Қазақстан Республикасы Кодексының 301 бабы).

Кінәлімен айыпты Қаулыны тапсырылған күннен (немесе шағым арызды қанағаттандырмағаны туралы хабардар етілген күннен) 15 күн ішінде төленбеген жағдайда, айып Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіпте а л ы н а д ы .

15. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңды бұзу нәтижесінде келтірілген залалдың орынын толтыру туралы талап Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 86 бабына сәйкес қойылады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңды бұзу нәтижесінде келтірілген залалдың орынын толтыру белгіленген тәртіпте бекітілген таксаларға және әдістемелерге сәйкес, егер ондай болмаған жағдайда бұзылған қоршаған ортаны қалпына келтіруге қажетті шығындар (келтірілген шығынды да ескере отырып) бойынша ерікті түрде немесе сот арқылы жүргізіледі.

Кінәлілермен талапты орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 77 бабына сәйкес қоршаған ортаға келтірілген зиянды қалпына келтіруге қажетті ақшалай қаржыны алу туралы с о т қ а т а л а п а р ы з қ о й ы л а д ы .

16. Кәсіпорындардың, ғимараттардың және объектілердің жұмысын тоқтата тұруға, шектеуге, оларды пайдалануға беруге тыйым салуға және экологиялық талаптарды бұзумен жүзеге асырылған шаруашылық және басқа да әрекеттерді шектеуге, тоқтата тұруға нұсқама белгіленген тәртіпте заң бұзушыға олармен шаруашылық және басқа да әрекеттерді экологиялық талаптарды, нормативті құқықты актілерді бұзумен және қоршаған ортаға залал тигізумен жүргізген ж а ғ д а й д а б е р і л е д і .

Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 77 бабына сәйкес нұсқама барлық заңды және жеке тұлғалармен орындалуы міндетті түрде болып табылады.

17. Экологиялық талаптарды бұзумен немесе экологиялық сараптаманың оң тұжырымдамасыз жүзеге асырылған құрылыстарды және объектілерді пайдалануды, шаруашылық және басқа да әрекеттерді қаржыландыруды тоқтату туралы нұсқама Табиғат қорғау заңының бұзылғаны туралы хаттамасымен және

Кәсіпорындардың, ғимараттардың және объектілердің жұмысын тоқтата тұруға, шектеуге, оларды пайдалануға беруге тыйым салуға және экологиялық талаптарды бұзумен жүзеге асырылған шаруашылық және басқа да әрекеттерді шектеуге, тоқтата тұруға нұсқамамен бірге тиісті қаржы-несие органдарына беріледі.

Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 77 бабына сәйкес нұсқама барлық заңды және жеке тұлғалармен орындалуы міндетті түрде болып табылады.

18. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 85 бабына сәйкес қоршаған ортаны қорғау туралы заңды бұзуға кінәлі жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде экологиялық қылмыс үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген (277-294 баптар).

19. Сапалы тексеруді ұйымдастыру және оны бақылауды қамтамасыз ету мақсатында бланкаларды (N, N 1-9 Қосылымдар) қатаң есеп жүйесі енгізілуі тиіс. Қатаң есеп бланкалары берілер алдында нөмірленіп, арнайы журналда тіркеледі.

20. Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 77 бабының 3 тармағына сәйкес мемлекеттік инспектордың өз өкілеті шеңберінде қабылданған шешімі барлық заңды және жеке тұлғалармен, лауазымды тұлғалармен және азаматтармен орындау міндетті түрде болып табылады және ол бағыныштылық тәртіпте немесе сотта шағымдалуы мүмкін.

N 1 Қосылым

Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
Т а б и ғ и	р е с у р с т а р
қ о р ш а ғ а н	ж ә н е
м и н и с т р л і г і	қ о р ғ а у

(қоршаған ортаны қорғау органы) _____

мекен жайы

телефоны

факсы

Табиғат қорғау заңдарын қадағалауды тексерудің
N _____ а к т і с і

200 жылдың

" _____"
объектінің тұрған жері

қоршаған ортаны қорғау органының атауы
Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы

_____ а т ы - ж ө н і , т е г і _____

_____ к ә с і п о р ы н н ы ң м е к е н - ж а й ы _____

_____ к ә с і п о р ы н н ы ң , о б ъ е к т і н і ң н е м е с е ғ и м а р а т т ы ң , о л а р д ы ң ж о ғ а р ғ ы ұ й ы м ы н ы ң а т а у ы _____

_____ м и н и с т р л і г і , в е д о м с т в о с ы _____

_____ к ә с і п о р ы н б а с ш ы с ы _____

----- а т ы - ж ө н і , т е г і _____

_____ м е к е н - ж а й ы : _____ т е л : _____ ф а к с ы : _____

_____ л а у а з ы м ы , а т ы - ж ө н і , т е г і _____

_____ қ а т ы с у ы м е н _____ ж ә н е _____ қ а т ы с у ы м е н _____

_____ к ә с і п о р ы н ө к і л і н і ң л а у а з ы м ы , а т ы - ж ө н і _____

Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 15 шілдесіндегі "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының негізге ала отырып табиғат қорғау заңының қадағалауына тексеру жүргізді.

Тексеру кезінде мыналар анықталды

_____ Жеке қолдары _____

_____ қ о р ш а ғ а н о р т а н ы қ о р ғ а у ж ө н і н д е г і _____ м е м л е к е т т і к _____ и н с п е к т о р д ы ң _____ а т ы - ж ө н і , т е г і _____

_____ қ а т ы с у ш ы л а р д ы ң а т ы - ж ө н і , т е г і _____

_____ қ а т ы с у ш ы л а р д ы ң а т ы - ж ө н і , т е г і _____

Басылғаны дана, қосылым _____ парақта

N 1 дана _____

N 2 дана _____

№ 3 дана _____

Актімен танысып, бір данасын алдым
Кәсіпорын басшысы: _____

жеке қолы аты-жөні, тегі

2000 жылдың " _____ " _____

т і р к е у №

№ 2 Қосылым

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Т а б и ғ и р е с у р с т а р ж әне
қ о р ш а ғ а н о р т а н ы қ о р ғ а у
министрлігі

(қоршаған ортаны қорғау органы)

мекен жайы телефоны факсы
Табиғат қорғау заңының бұзылғаны туралы

№ _____ хаттама

200 жылдың " _____ " _____

1. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор _____

лауазымы, аты-жөні, тегі

2. _____ катысуымен
заңды бұзуға қатысқан тұлғаның лауазымы, аты-жөні, тегі

_____ куәландырумен
лауазымы, аты-жөні, тегі, мекен-жайы

3. Азамат _____
аты-жөні, тегі

табиғат қорғау заңдарын бұзғанын анықтады.

Заң бұзушы туралы деректер:

Туған жылы мен жері _____

Лауазымы, жұмыс орыны _____

Мекен-жайы _____

Жалақы мөлшері _____

Жанұя құрамы, оның ішінде асырауындағылар _____

Куәлендіретін құжаты _____

4. Құқық бұзушылықтың болған орыны, уақытысы және сипаты
(құқық бұзу себебін көрсете отырып қысқаша баяндау қажет)

5. Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының және басқа да табиғат қорғау заңдарының қандай бабы, тармағы бұзылды: _____

6. Заң бұзушының түсініктемесі _____

7. Заң бұзушылардан алынған жабайы жануарлар мен өсімдіктердің, олардың өнімдерінің тізбесі (саны, салмағы), қалдырылғаны, қалдыру себебі: _____

8. Заң бұзу қаруларының, мүліктерінің, көлік құралдарының және құжаттарының тізбесі мен жазбасы: _____

9. Заң бұзушылар тарапынан қарсылық көрсету болды ма, болса қандай түрде болды: _____

Заң бұзушыға Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзу туралы" Кодексінде көзделген азаматтардың құқығы мен міндеті түсіндіріліп, ол туралы іс 2000 жылдың " _____ " _____

_____ қаралатындығы _____ хабарланды
_____ мекен-жайы, уақтысы

К у ә л е р :

1. _____

2. _____

мекен-жайы, аты-жөні, тегі

Хаттама жасаған тұлғаның қолы: _____

Заң бұзушының қолы: _____

Куәлердің қолы: 1. _____

2. _____

Хаттама көшірмесін алдым: 200 жылдың " _____ " _____

қолы

Ескертпе: Жануарлар және өсімдіктер әлеміне қатысты мәселелер туралы 7; 8 жолдар жануарлар және өсімдіктер әлемінің ережелерін бұзған жағдайда толтырылады.

Т а б и ғ а т	қ о р ғ а у	т і р к е у	N
б ұ з ы л ғ а н ы	т у р а л ы	з а ң ы н ы ң	х а т т а м а н ы ң
	N 1 қ о с ы л ы м ы		

Заң бұзушылардан алынған аулау құралдарын, басқа мүліктерін, жүзетін және басқа да көлік құралдарын Тізбелеу-бағалау

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор жасаған
2000 жылдың "___" _____ N _____ Табиғат қорғау заңының
бұзылғаны туралы хаттамаға сәйкес.

Рет N! Алынған мүліктің атауы! Саны ! Әрбір заттың ! Мүліктің
! ! ! жекелеген !жағдайы және
! ! ! бағасы, теңге!оның жарам.
! ! ! !дылық пайызы

Жиыны _____

Тізбелеу-Бағалау қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор _____ жасалған _____

(қ о л ы)

Бағалаумен келісемін және тізбелеу-бағалаудың бір данасын алдым _____

(мүліктің иесінің қолы)

Ескертпе: тізбелеу-бағалау үш данада жасалып хаттамаға қоса тігіледі. Хаттама сот және тергеу орындарына жіберілген жағдайда тізбелеу-бағалау төрт данада жасалады.

Осы хаттама бойынша келтірілген залалдың сомасы _____ теңге құрайды.

Орман заңын бұзушылардан орманда немесе орман шыққан жолда алынған өнімдердің және тұтыну орынында алынған өнімдердің түрлері мен саны. _____

Өнім түрі, !	Орманды заңсыз кесуден	!Басқа орман заңын				орман !		
тұқымы	!	! б ұ з у д а н				!		
	!Иске	!Ұзынды.	!Жоғары.	!Саны,	!Нығыз!	Өлшем	! Саны, дана	
	!жарай.	!ғы,	!дағы	!дана	!далған	!бірлігі!		
	!тын	!метр	!кесін.	!	!көлемі,!	!		
	!немесе!	!	!ді жуан.!	!	!текше	!	!	
	!отын	!	!дығы, см!	!	!метр	!	!	
1	2	3	4	5	6	7	8	

таблицаның жалғасы _____

Өнім сақталуға кімге ! Өнімді сақтауға
тапсырылды (өнімді !алған тұлғаның
сақтауға алған тұлға. ! қолы
ның лауазымы, аты-жөні,!
тегі, және өнімнің !
тұрған орыны) !

9

1 0

!

№ 3 Қосылым

Қазақстан Республикасы
Табиғи ресурстар және
қоршаған ортаны қорғау
министрлігі

(қоршаған ортаны қорғау органы)

мекен жайы телефоны факсы
200 жылдың "_____" N _____ табиғат қорғау заңдарын
қадағалауды тексеру актісіне сәйкес және Қазақстан Республикасының
1997 жылдың 15 шілдесіндегі "Қоршаған ортаны қорғау туралы"

Заңының 77 бабын басшылыққа ала отырып,
Келесі іс-шараларды орындауға Нұсқама беремін:

тәртіп N ! Нұсқаманың мазмұны ! Орындалу мерзімі

! !

! !

! !

Бұл нұсқама міндетті түрде орындалуға жатады. Нұсқаманың орындалу мерзімі біткен күннен бастап 7 күн ішінде кәсіпорын басшысы қоршаған ортаны қорғау органына нұсқаманың орындалу нәтижесі туралы жазба түрде ақпарат беруі тиіс.

Іс-шаралардың орындалуы туралы ақпарат жоғарыда көрсетілген мекен-жайға жіберілуі қажет. Көрсетілген мерзім ішінде нұсқама орындалмаған жағдайда Сізге Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзу туралы" Кодексінің 54-1 бабына сәйкес шаралар қолданылады.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі
мемлекеттік инспектор: _____

қолы аты-жөні, тегі

М . О .

Нұсқаманы алдым: _____

Лауазымы

аты-жөні, тегі

_____ 200 жылдың " _____ "

қ о л ы

тіркеу N

N 4 Қ о с ы л ы м
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Т а б и ғ и р е с у р с т а р ж әне
қ о р ш а ғ а н о р т а н ы қ о р ғ а у
м и н и с т р л і ғ і

(қоршаған ортаны қорғау органы)

мекен жайы

телефоны

факсы

Әкімшілік жаза тартқызу туралы

N _____ Қаулы

200 жылдың " _____ "

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор:

қаулы толтырған тұлғаның лауазымы, аты-жөні, тегі

ісі қаралудағы тұлғаның аты-жөні, тегі
табиғат қорғау заңдарын бұзғаны туралы материалдарды:

қарай отырып және ол туралы 200 жылдың "____" _____

Табиғат қорғау заңының бұзылған туралы хаттамаға, 1997 жылдың 15 шілдесіндегі Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 77 бабына, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзу туралы" Кодексының 276 бабына сәйкес, келесі түрдегі әкімшілік жаза тартуға

Қ а у л ы е т е д і :

1. _____ ескертілсін
2. _____ Айыпқа тартылсын
айып _____

қоршаған ортаны қорғау органының деректемелері

Бұл қаулы жоғарғы органда (жоғарғы лауазымды тұлғада) немесе тұрғын орынында қаулы шыққан күннен бастап он күн ішінде сотта шағымдалынуы мүмкін.

Ескертпе: Көрсетілген айып Қаулы тапсырылған күннен бастап 15 күн ішінде төленуі тиіс, ал Қаулы шағымдалған жағдайда шағым қанағаттандырылмағаны туралы хабардар етілген күннен бастап 15 күн ішінде төленуі тиіс. Айып белгіленген уақытта төленбеген жағдайда айып Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзу туралы" Кодексының 302 бабына сәйкес ықтиярсыз түрде алынады.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі
мемлекеттік инспектор _____
қолы аты-жөні, тегі

М . О .

Қаулы заң бұзушыға тапсырылды (жіберілді) "____" _____ 200 жыл

Квитанция N _____
қолы аты-жөні, тегі

Тіркеу N

N 5 Қосылым

Қ а з а қ с т а н

Т а б и ғ и

қ о р ш а ғ а н

министрлігі

Р е с п у б л и к а с ы

р е с у р с т а р

о р т а н ы

ж ә н е

қ о р ғ а у

Қазақстан Республикасы
Табиғи ресурстар және
қоршаған ортаны қорғау
министрлігі

(қоршаған ортаны қорғау органы)

мекен жайы телефоны факсы

№ _____
Пломбылау актісі

200 жылдың " ____ " _____

объектінің атауы мен тұрған орыны

Мына құрамдағы комиссия: _____
комиссия мүшелерінің аты-жөндері, тектері,
лауазымдары

200 жылдың " ____ " _____ қоршаған ортаны қорғау органының
нұсқамасына сәйкес _____

объектінің, оның бөлімдерінің атаулары _____

өндірістік әрекетіне пломбылау жүргізеді.

Комиссия мүшелерінің қолдары: _____

Апат болған жағдайда объектінің басшылығына акті жасау арқылы
пломбаны алуға болады және ол туралы қоршаған ортаны қорғау
органына жоғарыда көрсетілген мекен-жайға хабарлау қажет.

Пломба жауапты сақтауға алынды:

_____ 200 жылдың " ____ " _____
басшының лауазымы қолы

Акті _____ данада құрылған

№ 1 дана _____

№ 2 дана _____

№ 3 дана _____

Акті тапсырылды

басшының лауазымы, аты-жөні, тегі

Т і р к е у

№

№

7

Қ о с ы л ы м

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Т а б и ғ и

р е с у р с т а р

ж ә н е

қ о р ш а ғ а н

о р т а н ы

қ о р ғ а у

министрлігі

(қоршаған ортаны қорғау органы)

мекен жайы

телефоны

факсы

қаржы-несие органының атауы және оның мекен-жайы

Экологиялық талаптарды бұзумен немесе экологиялық сараптаманың оң тұжырымдасыз жүзеге асырылған құрылыстарды және объектілерді пайдалануды, шаруашылық және басқа да әрекеттерді қаржыландыруды тоқтату туралы

№ _____ Нұсқама

200 жылдың " _____ " _____

200 жылдың " _____ " _____ № _____ Табиғат қорғау заңының

бұзылғаны туралы хаттамасы негізінде және Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңын орындау мақсатында және _____

Заңның тиісті баптарына, және басқа да заңдарға және нормативтік актілерге, олардың баптар мен тармақтарына сілтеме

шаруашылық әрекетінің түрі

экологиялық

талаптарды

бұзумен

жүргізген

заңды тұлғаның атауы, оның мекен-жайы және

жеке тұлғаның аты-жөні, тегі, жұмыс және тұратын орны

қаржыландыруды тоқтатуды міндеттеймін.

Тапсырыс (инвестор) беруші _____

заңды тұлғаның атауы, мекен-жайы және банк деректемелері

Жұмысты қаржыландыруды қайта бастауға рұқсат осы Нұсқаманы берген мемлекеттік лауазымды тұлғамен тек қана Хаттамада көрсетілген экологиялық талаптарды бұзуды жойғаннан кейін беріледі.

Осы Нұсқаманың орындалғаны туралы 200 жылдың "___"___ дейін хабарлауды сұраймын.

Қосылым: 200 жылдың "___"___ N ___ Табиғат қорғау заңының бұзылғаны туралы хаттама _____ парақта.

Нұсқаманы толтырған тұлғаның лауазымы

қолы _____ аты-жөні, тегі

М.О.

Тіркеу N